

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мәселелері туралы <*>

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 12 қараша N 1553.
Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1999.04.16. N 418 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі қызметінің тиімділігін арттыру және құрылымын оңтайландыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі туралы ереже (қоса беріліп отыр) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің құрылымы аппарат қызметкерлерінің шекті санына сүйене отырып 311 адам болып, қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне бірінші вице-министрі және үш вице-министрі, сондай-ақ 15 адамнан тұратын алқа ұстауға рұқсат етілсін.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.02.02. N 66 қаулысымен. P 9 8 0 0 6 6 _

4. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің аппараты

үшін 6 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

5. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 9 қыркүйектегі N 1094 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 36, 346-құжат);

"Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 22 сәуірдегі N 623 қаулысы.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

1997 жылғы 12 қарашадағы
N 1553 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер
министрлігі (Сыртқыісмині) туралы

ЕРЕЖЕ

I. МИССИЯСЫ

1. Дүниежүзілік қауымдастықта мемлекеттің бағытын нығайту, оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ұлттық мүддесін қорғау, сондай-ақ Қазақстанның дамуы мен гүлденуі үшін қолайлы сыртқы жағдайлар жасау.

II. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады.

Министрлік Қазақстан Республикасының сыртқы саяси қызметін жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызмет органдарының бірыңғай жүйесіне басшылық етеді.

3. Министрлік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдары мен халықаралық шарттары, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Министрлікті ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру республикалық бюджетте орталық атқарушы органдарды ұстауға көзделген қаражаттың есебінен жүзеге асырылады.

5. Министрліктің құрылымы мен штат санын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

6. Министрлік заңды тұлға болып табылады. Қазақстан

Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, қазақ және орыс тілдерінде өз атауы жазылған мөрі, банктерде, оның ішінде шетел валютасындағы шоттары бар.

7. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің қарауында Дипломатиялық академия және Дипломатиялық өкілдіктермен жұмыс жөніндегі департамент бар.

III. БАСЫМДЫҚТАР

8. Министрлік өз қызметінде мынадай бағыттарға басым маңыз береді:

Қазақстан Республикасының Президентіне Қазақстан Республикасының сыртқы саяси стратегиясы жөнінде ұсыныстар әзірлеу және Президенттің халықаралық бастамаларын іске асыру;

Қазақстан Республикасының шетел мемлекеттерімен және халықаралық ұйымдармен қарым-қатынастарда қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының шетел мемлекеттерімен және халықаралық ұйымдармен қарым-қатынастарында бірыңғай сыртқы саяси бағытын жүргізуде орталық атқарушы органдардың қызметін үйлестіру;

Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттардың орындалуына жалпы бақылау мен бақылауды жүзеге асыру;

дипломатиялық және консулдық артықшылықтар мен иммунитеттерді сақтауға бақылауды жүзеге асыру.

IV. МИНИСТРЛІКТІҢ, МІНДЕТТЕРІ, ФУНКЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТАРЫ

9. Министрлікке мынадай міндеттер жүктеледі:

Қазақстан Республикасының Сыртқы саясатының тұжырымдамалары мен негізгі бағыттарын әзірлеу мен Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметіне тиісті ұсыныстар беру;

Қазақстан Республикасының сыртқы саяси бағытын жүзеге асыру және сыртқы экономикалық саясатын жүзеге асыруға жәрдемдесу;

Қазақстан Республикасының егемендігін, қауіпсіздігін, аумақтық тұтастығын және шекаралық беріктігін, оның басқа мемлекеттермен өзара қарым-қатынастарындағы саяси, сауда-экономикалық және өзге де мүдделерін дипломатиялық құралдармен және әдістермен қорғауды қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының шетелдердегі азаматтарының, заңды тұлғаларының құқықтары мен мүдделерін қорғау;

Дүниежүзіндегі саяси және экономикалық жағдайды, шетел мемлекеттерінің сыртқы және ішкі саясатын, халықаралық ұйымдардың қызметін зерделеу; мемлекеттік органдарды сыртқы және ішкі саясатты жүзеге асыруға қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының заңдарында қарастырылған басқа да міндеттерді жүзеге асыру.

10. Қойылған міндеттерді орындау мақсатында министрлікке мынадай функциялар беріледі:

шетел мемлекеттерімен және халықаралық ұйымдармен қарым-қатынас жасауда Қазақстан Республикасының өкілдігі;

Қазақстан Республикасының халықаралық бейбітшілікті, дүниежүзілік және аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі бастамасын дипломатиялық құралдармен және әдістермен жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне қатысады және әзірлейді;

Қазақстан Республикасының шетел мемлекеттерімен және халықаралық ұйымдармен келіссөздер жүргізуді және халықаралық шарттарға қол қоюды ұйымдастыру;

Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымының, басқа халықаралық ұйымдардың, конференциялардың, кеңестердің, форумдардың жұмысына қатысуын қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының халықаралық қауымдастықтың мүшесі ретінде кең ауқымды және аймақтық проблемаларды шешудегі ролін көтеруге жәрдемдесу;

Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны халықаралық қорғау және тиімді пайдалану, Әлемдік мұхит ресурстарын игеру, ғарыш кеңістігін зерделеу саласындағы мүдделерін қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен бостандығын, оның қорғанысы мен ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқық тәртібін сақтау, Қазақстан Республикасының шет ел мемлекеттерімен және халықаралық ұйымдармен сауда-экономикалық және қаржы байланыстарын дамыту мен кеңейту, ғылыми-техникалық, мәдени және өзге де алмасулары жөніндегі шараларды әзірлеуге қатысу; жоғарғы және үкімет деңгейіндегі мемлекетаралық алмасуларды хаттамалық

қ а м т а м а с ы з

е т у ;

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын тіркеу, есебін жүргізу және сақтаудың бірыңғай мемлекеттік жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасы жасаған халықаралық депозитарий функциясын жүзеге асыру ;

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі орталық аппараты және шетелдердегі өкілдіктерін, ведомстволық бағыныстағы ұйымдарды кадрлармен қамтамасыз етуді жүзеге асыру, дипломатиялық қызмет кадрларын даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;

Қазақстан Республикасының заңдарында қарастырылған басқа да функцияларды жүзеге асыру .

11. Министрлік өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру және функцияларды орындау кезінде:

белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарынан, сондай-ақ меншік нысандары мен ұйымдық бағыныстылығына қарамастан ұйымдардан Министрлікке жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды, анықтамалық және өзге де материалдарды сұратуға және алуға, сондай-ақ белгіленген тәртіппен аталған органдар мен ұйымдарға беруге;

Қазақстан Республикасы халықаралық шарттары жобаларының Қазақстан Республикасының Конституциясына және халықаралық-құқық нормаларына сәйкестігіне бақылауды жүзеге асыруға;

заңдармен белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің қарауына сыртқы саясат және дипломатиялық қызмет мәселелері жөнінде заңдық және өзге де нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеу туралы ұсыныстар енгізуге;

заңдармен белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы елшіліктерінің, бас консулдықтарының, консулдықтарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдар жанындағы (бұдан былай - шетелдердегі мекемелер) өкілдіктерінің мекемелері туралы ұсыныстар енгізуге;

белгіленген тәртіппен және өз құзыретінің шегінде орталық және жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ меншік нысандары мен ұйымдық бағыныстылығына қарамастан ұйымдар атқаруға міндетті, олардың халықаралық байланыстарды жүзеге асыруы кезіндегі нормативтік құқықтық актілер қ а б ы л д а у ғ а ;

Қазақстан Республикасының заңдармен белгіленген тәртіппен ведомстволық бағыныстағы ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату, олардың басшыларын қызметке тағайындау және қызметтен босату мәселелерін шешуге,

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен және Ұттық қауіпсіздік комитетімен бірлесіп қаржы-шаруашылық қызметтерге ревизиялар және тексерістер жүргізуге;

заңдарға және берілген құқықтарға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында және шетелдік Қазақстан Республикасының жер учаскелеріне, ғимараттарына және құрылыстарына, күрделі және өзге де жабдықтары мен мүліктеріне иелік етуге, пайдалануға және басқаруға;

Қазақстан Республикасының заңдарында қарастырылған басқа да функцияларды жүзеге асыруға құқығы бар.

V. МИНИСТРЛІКТІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

12. Министрліктің лауазымды адамдары Министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуын Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

Министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруға тұтастай алғанда Министр дербес жауап береді.

Министрліктің департаменттері мен басқармаларының, сондай-ақ оның шетелдердегі мекемелері мен ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының өздеріне жүктелген міндеттерін орындауына және өз функцияларын жүзеге асыруларына олардың басшылары дербес жауап береді.

13. Министрліктің, сондай-ақ оның шетелдердегі мекемелері мен ведомстволық бағынысты ұйымдарының қызметкерлері өздеріне жүктелген міндеттерді бұзған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңдарында белгілеген тәртіппен жауаптылықта болады.

VI. МИНИСТРДІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ

14. Министрлікті Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі (бұдан әрі - Министр) басқарады.

Министрдің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын бірінші вице-министрі және үш вице-министрі болады.

Министр мынадай міндеттерді орындайды:

Қазақстан Республикасын екіжақты және көпжақты келіссөздерде білдіреді және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына қол қояды.

Министрлікті Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен және шетел мемлекеттерімен, сондай-ақ халықаралық ұйымдармен өзара

қарым-қатынастарда

білдіреді;

Министрліктің жұмысын ұйымдастырады және оның шетелдердегі мекемелерінің қызметіне басшылық етеді, Министрлік департаменттері туралы ережелерді, ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың қызметін реттейтін ережелерді (жарғыларды) бекітеді, сондай-ақ Министрлік жүйесі лауазымды адамдарының сыртқы саяси, ұйымдастыру, кадр, қаржы, өндіріс-шаруашылық және өзге де мәселелерді шешудегі құзыретін айқындайды;

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрімен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Президентіне елшілердің және халықаралық (мемлекетаралық, үкіметаралық) ұйымдардағы тұрақты өкілдердің тағайындалулары, кері шақыртып алынулары, сондай-ақ қызметте болу мерзімдерін ұзарту және қысқарту туралы ұсыныстар енгізеді;

болу мемлекетінің келісімі бойынша (тағайындау кезінде) Қазақстан Республикасының штаттан тыс (құрметті) консулдарын тағайындайды және міндетінен босатады;

Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне Дипломатиялық академия ректорын қызметке тағайындау және қызметтен босату туралы ұсыныс енгізеді;

Дипломатиялық академия ректорының ұсынуы бойынша Дипломатиялық академия проректорларын, Министрліктің басқа да оқу орындарының басшыларын тағайындайды және міндетінен босатады;

Министрліктің орталық аппараты, шетелдердегі мекемелері, Министрліктің Қазақстан Республикасының аумағындағы өкілдіктері, ведомстволық бағыныстағы ұйымдары қызметінің мәселелері жөнінде бұйрықтар мен нұсқаулықтар шығарады, тапсырмалар береді; вице-министрлер арасында міндеттерді бөледі;

Министрліктің орталық аппаратының және оның Қазақстан Республикасы аумағындағы өкілдіктерінің белгіленген еңбекақы қоры шегінде штат кестесін және қызметкерлерінің санын, тиісті бюджеттік қаржының шегіндегі оларды ұстауға тиісті мерзімде бекітілген шығыстар сметасын бекітеді;

шетелдердегі мекемелердің, белгіленген еңбекақы қоры шегінде штаттық кестесін және қызметкерлерінің санын; бекітілген бюджеттік қаржының шегінде шетелдегі мекемелері ұстауға арналған шығыстар сметасын бекітеді;

Кеңесші-елші мен шетелдердегі мекемелердегі Бас консулдан және Министрліктері Ерекше тапсырмалар жөніндегі елшіден бастап, министрлік орталық аппаратының және шетелдегі мекемелердің басшы қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

заңдармен белгіленген тәртіппен дипломатиялық қызмет қызметкерлерін және шетел мемлекеттерінің қайраткерлерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттауға және Қазақстан Республикасының

кұрметті атақтарын беруге ұсынады;
атташеден бастап, I сыныпты кеңесшіні қоса алғанда дипломатиялық дәрежелер береді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне Төтенше және Өкілетті Елші, I және II сыныпты Төтенше Өкілетті Елші дипломатиялық дәрежелерін беру туралы ұсыныстар енгізеді;
Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес басқа да функцияларды жүзеге асырады.

ЕСКЕРТУ. 14-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.02.02. N 66 қаулысымен.

VII. МИНИСТРЛІК АЛҚАСЫ

15. Министрлікте құрамына Министр (алқа төрағасы),

вице-министрлер және бөлімшелердің басшылары кіретін алқа құрылады. Алқа құрамына өзге де тұлғалар кіре алады.

Алқаның сандық құрамын Үкімет бекітеді.

Алқаның жеке құрамын Министр бекітеді.

Алқа Министрлік қызметінің мейлінше маңызды мәселелерін қарайды және тиісті шешімдер қабылдайды.

Алқа мәжілістерінде кеңесшіден жоғары дипломатиялық лауазымдар бекітіледі.

Министрлік алқасы Төтенше және Өкілетті Елші және I және II сыныпты Төтенше және Өкілетті Елші дипломатиялық дәрежелері бар тұлғалардың орнынан түсуі жөніндегі мәселелерді қарайды және тиісті шешімдер қабылдайды.

Алқа шешімдері оның мүшелерінің көпшілік дауысымен қаулы нысанында қабылданады және Министрдің бұйрығымен іске асырылады.

ЕСКЕРТУ. 15-тармақтан сөздер алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1998.02.02. N 66 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 12 қарашадағы
N 1553 қаулысына
Қосымша

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер

министрлігі орталық аппаратының құрылымы

Басшылық

Әкімшілік және бақылау департаменті

Консулдық қызмет департаменті

Сыртқы істер министрлігі орталық аппаратының және оның шетелдердегі мекемелерінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі департамент

Бірінші департамент (БҰҰ және халықаралық экономикалық ынтымақтастық басқармасы, Халықаралық қауіпсіздік басқармасы)

Екінші департамент (ТМД елдерінің басқармасы, ТМД-дағы көпжақты ынтымақтастық басқармасы)

Үшінші Департамент (Еуропа және Америка басқармасы, Мемлекеттік хаттама басқармасы)

Төртінші Департамент (Азия, Таяу Шығыс және Африка басқармасы, Келісім-құқықтық басқармасы)